

егемен

Казакстан

Ұлттық рухтың ұстыны

Әуелі ой туады. Сосын сөз шығады. Жазылады. Жолданады. Оқылады. Бағаланады. Тексеріледі. Түзетіледі. Теріледі. Тазартылады. Оқылады. Тағы түзетіледі. Тағы оқылады. Қол қойылады. Бір мақала дайын болды. Бір бетке осындай қанша мақала керек! Бір нөмірге осындай қанша бет керек! Нөмір жоспарланады. Беттер макеттеледі. Мақалалар бетке түседі. Корректор оқиды. Кезекші редактор оқиды. Басшылық оқиды. Тағы түзетіледі. Қысқартылады. Толықтырылады. Безендіріледі. Қол қойылады. Баспаханаға жіберіледі. Реттеледі. Беттеледі. Басылады. Тасылады. Поштаға барады. Үйді-үйге жеткізіледі. Газет оқырманның қолына тиеді. Газеттің бір нөмірі!

Ертеңіне бәрі басынан қайта басталады...

“Егемен Қазақстанның” жиырма бес мыңыншы нөмірі жарыққа шыққанда осылай жазған болатынбыз. Енді сіз осы үдерістің бір жылда кемінде 290 рет қайталанатынын шамалап қараңыз. Ал енді осындай бір жылдың 90 рет қайталанғанын ойша елестетіп көріңіз.

Дәл бүгін торқалы тойы аталып өткелі отырған “Егемен Қазақстан” газеті – осындай жолды артқа тастаған басылым.

Құтты болсын, жас “Ұшқыным”, қадамың,
Алға бассын ақ ниетті талабың.

Тілеуінде үлкен, кіші азамат,
Еркі үшін еңіреген қазағың.

Газеттің 1919 жылдың 17 желтоқсанында жарық көрген бірінші нөмірі Бернияз Күлеевтің “Ұшқынға” деген өлеңімен осылай ашылған екен. Содан бері-ақ “Қазақ жұртын билейтін өзгеріс һәм соғыс комитетінің атағынан жетісіне екі рет шығарылатын саяси, әдеби һәм шаруашылық газеті” “еркі үшін еңіреген қазақтың” сөзін сөйлеп, жыртысын жыртуды алдына асыл мұрат етіп қойған. Содан жарты жыл өтпей жатып, 1920 жылғы 11 мамырда газет “Қайтіп ел

боламыз?” деген мақала жариялапты. Содан үш ай өткенде, 14 тамызда: “15 қыркүйекте бүкіл қазақ-қырғыз кеңестерінің сиезін шақыру және Қазақстан автономиясының жігін айыру жобасын шешу мәселесіне арналған Мәскеудегі Кеңеске қазақ военревкомының председателі Пестковский мен Ахмет Байтұрсынов һәм жер бөлімінің ісін басқарушы Кулаковтар Мәскеуге жүріп кетті. Онда Қазақстан үшін ең керектісі – осы кезде күнде таласқа түсіп тұрған Омбы, Қызылжар, Көкшетау һәм Қостанай уездерінің әңгімесі мен Түркістан автономиясына қосылып отырған Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Сырдария һәм Жетісу уездерінің, Астрахан губерниясындағы Краснояр уезінде отырған қазақ бауырларымыздың хал-ахуалы һәм Алтай округінде отырған Белағаш елдерінің мәселелері шешіледі. Өкілдер осы мәселелерге қатысты материалдарды жинап алып кетті”, деп жазыпты. Содан бір ай өткенде М.С. деген бүркеншік есімді автор “Жалпы қазақ сиезіндегі жер мәселесі” деген атпен мақала жариялап, онда: “Әуелі Қазақстан Республикасында қоныс салып отырған халықты жерге дұрыстап орналастырмайынша басқа республикалардан переселен келуді тоқтату” жөнінде мәселе қойыпты. Иә, тап осылай – “Қазақстан Республикасында” деп жазыпты. М.С. – кәдімгі Сәбит Мұқановтың бүркеншік аты екен.

Біз мына мақаланы ойластырғанда осылайша, газеттің әр жылдарда көтерген жоталы мәселелерін ойып-ойып алып отырармыз дегенбіз. Реті келмейді екен.

Байқайсыз ба, алғашқы жылы аяқталмай жатып-ақ баяндай бастаған екі-үш мақаламыздың ең сөлін сығып сөз еткеннің өзінде біраз орынды алып барады. Иә, “Егемен Қазақстанның” осы 90 жылдың ішіндегі тындырған жұмысын бір мақала тұрмақ, тұтас кітапта да қамтып айту мүмкін емес. Ел газетінің ел үшін еткен еңбегіне сөз де жетпейді, баға да жетпейді. “Ұшқын” атанған кезінде де, “Еңбек туы”, “Еңбекшіл қазақ”, “Еңбекші қазақ”, “Социалды Қазақстан”, “Социалистік Қазақстан” атанған кездерінде де ел

газетке сенді. 90 жылдық тарихында “Егемен” қашанда елмен бірге тыныстады, елмен бірге қиналды, елмен бірге қуанды, оның сарғайған беттерінде көрмегені жоқ халқымыздың шыншыл шежіресі сайрап жатыр, бас басылымның өзіне ежелден тән орнықты ойлау, сабырлы сөйлеу, тереңнен толғану сияқты қасиеттер жайнап жатыр.

Міне, 90 жылдан бері бұл газет біздің халқымыздың жан серігі болып келеді. Жиырманшы, отызыншы жылдардағы жаңа өмір құру жанталасы, қырқыншы жылдардағы қырғын соғыстың жаңғырығы, елуінші, алпысыншы жылдардағы тың игеру, алып құрылыс ауқымы, одан кейінгі кезеңдегі халықтың тыныс-тіршілігі осы газеттің бетінен барынша кемел көрініп, басылым тігінділерінде Қазақ елінің бір ғасырдағы тарихы түзілді. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы газет еңбегі тіпті ересен. Шерағаң – қазақтың Шерхан Мұртазасы басқарған жылдарда бұл басылым егемендік идеясын ең алдымен көтерді. Даламыздың данагөйі – Әбіш Кекілбаев басқарған кезеңде – Тәуелсіздік табалдырығындағы заман өзгеріп, қоғам өзгеріп, адам өзгеріп жатқан жауапты шақта жарияланған мақалалар оқырманды күрделі құбылыстардың мәнін терең пайымдауға үйретті. Нарық жетіп, талай нәрседен парық кетіп жатқан ана бір жылдарда да қайткенде оқылуды, қайткенде таралуды ғана күйттемеді, қазақтың қасиетті сөзінің қадірін қашырмады, алаш баласын арзан сөзбен алдарқатпады, қайта намысын қамшылап, жігерін жаныды, қиындыққа қарсы қайрап салды, соның арқасында біз тәуелсіздік жолына өзімізбен қатар түскен елдердің арасында ең-семіз биік, омырауымыз озық, жер жаһанның алдында жүзіміз жарқын болуына атсалысты дегенді тағы айтамыз.

Міне, бүгін осы шағын мақаланы қолға ала бергенде Ақордадан Елбасымыздың газет тойына құттықтау тілегінің мәтіні келіп түсті. Біз оны 1-ші бетке жариялап отырмыз. Құттықтауда: “Тәуелсіздік таңы атқан соң елдің бас газетінің алдына жаңа мемлекет

құру ісін жан-жақты көрсету, халқымызды жаңа жағдайда өмір сүруге бейімдеу, нарықтық экономиканы енгізуге, демократиялық құндылықтарды орнықтыруға көмектесу міндеті қойылды. “Егемен Қазақстан” бұл міндетті абыроймен атқара білді. Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта лайықты құрметтелетін, экономикасы қуатты, ішкі саяси жағдайы тұрақты мемлекет ретінде қалыптасуына “Егемен Қазақстанның” қосқан өзіндік үлесі үлкен” деген баға бар екен. Биік баға. Бәрімізді қанаттандыратын, жаңа биіктерге ұмтылуға міндеттейтін сөз.

“Өзіңіз “Отанымыздың бас газеті” деп баға берген “Егемен Қазақстан” 90 жылдық торқалы тойының қарсаңында тұр. Тұңғыш нөмірі 1919 жылғы 17 желтоқсанда Орынборда жарық көрген бұл газет қазақ баспасөзінің қара шаңырағы ретінде орынды ардақталады. Басылымның тізгінін әр жылдары Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ғабит Мүсірепов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев сынды қазақтың небір жақсысы мен жайсаңы ұстағанын ойлағанда сол қасиетті жолды жалғастыру бақытын бұйыртқан тағдырыма тәубе деймін...” – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевқа газет тойына орай әрі редакцияның 8 қабатты жаңа ғимаратын салып бітіруге тікелей көрсеткен көмегіне алғыс айта отырып жақында жазылған хаттағы бұл сөздерім – жүрегімді жарып шыққан жан сырым. Осы басылымның басшысы болу тұрмақ, қосшысы болған жылдарымда да өзім өмірімдегі баянды бір бақытым қазақтың бас газетінде қызмет етіп жүргенім деп санайтынмын. Күн сайын әріп түзеткен, түн сайын қаріп түзеткен журналистік жұмыс жаныңды жеп жіберетініне, айлар емес, жылдар бойы үйге кешкі сағат он бірден еш ерте жете алмайтынына, кейде редакция ғимаратынан түннің бір уағында, кейде тіпті шыққан күнмен бірге шығып бара жататынына қарамай, осы жасап жатқан жұмысымыз ертең мың-

мыңдаған адамдардың алдына тартылады-ау, олар осы арқылы еліміздің тыныс-тіршілігі туралы ой түйеді-ау, осы жазылғандарға қарап ойланады-ау, толғанады-ау дегенді сезінудің өзі жігерінді жанып, қажырыңды қайрап салады.

Бұл газетте ертелі-кешті жұмыс істеген асыл ағаларымыздың бәрі, ардақты апаларымыздың бәрі, қадірменді тұстастарымыздың, ізетті іні-қарындастарымыздың бәрі шамамен осылай ойлайды, олардың бәрі қазақтың бас басылымында жұмыс істеудің қандайлық мәртебе екендігін сезінген, сезінеді деп сеніммен айта аламыз. Қазақ елінің бас газеті алдағы кезде де өзіне тарих жүктеген, халық жүктеген қасиетті міндетті – ұлттық рухтың ұстындарының бірі болу міндетін абыроймен атқара береді деп оқырмандарымызды сендіре аламыз.

“Егемен Қазақстан” – ел газеті. Ендеше, оның тойы – елдің тойы, елдіктің тойы.

Төл газетіміздің торқалы тойы құтты болсын, ардақты ағайын! Жазар жақсылығымыз, жеткізер қуанышымыз көп болсын!

Сауытбек Абдрахманов.

Құттықтаулар

Құрметті Сауытбек Абдрахманұлы!

Сізді қазақтың бас газетінің 90 жылдығымен құттықтаймын. Тәуелсіздік тойымен газет күнінің қатар келуінің символдық мәні зор. Еліміздің автономиялық республикадан тәуелсіз мемлекетке дейінгі және қазіргі жолы сіздің газеттің бетінде. Ол ел газетіне айналып, халық санасын тәрбиелеуші бола білді.

Барша егемендіктерге табыс, амандық тілеймін.

Академик Серік ҚИРАБАЕВ.

“Егемен Қазақстан” газетінің ұжымына

Қадірлі қаламдастар!

Тәуелсіз еліміздің ақпарат айдынының көшбасшысына айналып отырған Сіздерді газет тарихындағы кемел кезең 90 жылдық мерейтоймен шын жүректен құттық-

таймын!

Газет халқымен бірге жасап, елімен бірге есейіп, заманмен бірге түзеліп, уақытқа үн қосып, Тәуелсіздік туы желбіреген сәттен бастап асқақ ұлттық рух пен биік халықтық мұратымыздың жаршысы болып келеді. Өткір сөз, шынайы шындық, Ұлттық құндылықтар биігінен үн қатып жүрген “Егемен Қазақстан” қазір дара да, дана басылымға айналды.

90 жылдық ғұмырнамасында газетті ұлтымыздың көптеген ұлы тұлғалары басқарды. Әр кезеңнің, әр тарихи сұраныстардың, дәуір талабының құрбандары болған қаншама қаламгерлер бар. Б.Майлин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, О.Исаев сынды қызыл қырғын құрбандарын ұмытуға бола ма? Газетке қол қойған Г.Мүсірепов, Ж.Сәдуақасов, С.Байжанов, Б.Қыдырбекұлы, Ш.Мұртаза, күні кеше Еңбек Ері атағын алған Ә.Кекілбаев сынды қара қаламның хас шеберлерін ұлт мақтаныштарына баламасқа бола ма?

Кейінгі толқын ішінен Н.Оразалин, У.Қалижан, Е.Смайыл, С.Абдрахманов сынды жаңа заманға сай, жаңа газет жасаған замандастарымыз туралы халық құрметі ерекше екені рас қой.

Менің тағдырымда да еліміздің бас газетіне қол қою бақыты бұйырған жылдар санадан өшпек емес. Халқымыздың бас газетінің әлі де тілшісі болып жүргенімді өзіме зор мәртебе, бақыт санаймын!

Той құтты болсын, қадірлі қаламдастар! Ойлы оқырманға айтар сөзіміз көп болсын!

Құрметпен,

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері У. Қалижан.

Құрметті Сауытбек Абдрахманұлы!

Байтақ еліміздің жүріп өткен тарихи кезеңдерінің айнасы “Егемен Қазақстан” газетінің 90 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын. Сізге және газет ұжымына зор денсаулық, шығармашылық

табыс тілемін.

Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы
Б. Жұмабеков.

Жүректен шыққан жылы лебіз
ұмытылмас жүздесу жаңғырығы

ЕЛБАСЫ және “ЕГЕМЕН”

Сейдахмет Мұхаметше, “Егемен Қазақстанның”
байырғы қызметкері, ардагер журналист.

Бұдан 15 жыл бұрынғы жайларды ойласам, Елбасы мен “Егемен Қазақстан” газеті ұжымының кездесуі еске түседі. 1994 жылдың желтоқсан айы еді. Бұл кезде аға басылымның 75 жылдығы тойланып жатқан. Елбасы шетелдерден қонақтар қабылдап, салтанатты жиынға қатыса алмай қалды. Есесіне екі күннен кейін редакция қызметкерлерін Алматыдағы резиденциясында қабылдады.

Сол жылы Президент біздің идеологиямыз қандай, нендей жағдайда, қайтіп жұмыс істейміз, бүгінгі бет алысымыз қалай деген әңгімені алға тартты. Қазақстан халқының тағдырына ең алдымен жауап беретін Елбасының ой-пікірі, көзқарасы, толғанысы қалың жұртқа ақпарат құралдары арқылы жақсы мәлім. Біздің идеологиямыздың басты-басты бес-алты тармақтарын тарқата әңгімелеген Нұрсұлтан Әбішұлы былай деді:

– Қазір баяғы коммунистік кезеңдегі бәрін бір қатарға тұрғызып алып, бір шыбықпен айдайтын идеологияның ешкімге керегі жоқ. Басты мақсатымыз

– Қазақстанның тәуелсіздігін баянды ету, оны ұрпақтарға жеткізу, мемлекетті нығайту.

Идеологияның бірінші тармағы осы. Ол үшін не істеліп жатыр? Мемлекетті нығайту, елді қиындықтан алып шығу, жеріміздің біртұтастығын сақтап қалу үшін қандай шаралар алынуда? Шекарамыздың бұзылмауы үшін, ең алдымен, сыртқы саясатта бекемдік,

дипломатиялық қатынаста икемділік қажет. Екінші жағынан өзіміздің ішкі жағдайымызды тұрақтандыру да осыған жәрдемдеседі. Бұған Қарулы Күштерді нығайтуды, экономикамызды қуатты етуді қосалық. Тәуелсіздік жариялағанымызға үш жыл болды. Үш жыл деген сәбидің жасы. Мың жылға татитын осы үш жылдығымызды ұрпақтар сан ғасыр айтатын болады. Халық қырылғалы жатыр, аштан өлудің алдында тұр деген сөздерді жазатын болдыңыздар. Ғұмырында болған он сегіз күндік тәуелсіздігін армяндар айтқалы 1500 жыл болды. Ал үш жылдық тәуелсіздігімізді жан-жағымыздан анталап, жұлып әкетемін деушілер бой көрсетіп тұрғанда мемлекет тізгінін ұстап, реформаны қиын жағдайда жүргізіп отырғанымызды жұртқа ұғындыруға болмас па? Артта қалған ауыр да жеңісті үш жылдығымыз біздер үшін аса қымбат. Лайым, ұзағынан сүйіндірсін!

Бізді бүгінде жер жүзі дербес ел деп танып отыр. Қазақ деген халық бар деп санасып отыр. Ата-бабамыздан бері қарай қазақ қазақ атанғалы мұндай болған жоқ. Бұрын-соңды қанша ханымыз, батырымыз болса да дәл мұндай шеңберде мемлекетіміз болған жоқ. Демек, тәуелсіздігімізді насихаттаудан артық қандай идеология керек? Соғыссыз, ың-шыңсыз, қан төгіспей, дербес мемлекет ретінде тәуелсіздікке қолымыздың жетіп отырғаны – сирек кездесетін құбылыс. Бірақ біздің азаттығымыз үшін ата-бабаларымыз өткен ғасырларда қисапсыз құрбан болды.

Біздің идеологиямыздың ең бірінші діңгегі – Тәуелсіздік. Ал оны сақтап қалу үшін модернизация жасау, Қазақстанда экономикалық және саяси реформа жүргізу қажет. “Қазіргі таңда қазақ қайда барады?”, “Еліміздің болашағы қандай?” деген сауалдарға жауап іздесек, айтатын сөз үш саладан тұрады. Біреулер баяғы өткен заманды көкsep, малды жайлау мен қыстауға айдап, ру-руға, туыстық жікке бөлініп, ескі сүрлеумен жүрейік дейді. Бұл мүлде мүмкін емес. Олай ету елді орта ғасырға қайтадан кері сүйреп барумен тең. Біз ондай деңгейден өтіп кеттік. Ол

көйлектен аяқ-қолымыз сорайып шығып кетті. Ал біз дүние жүзіндегі өркениетті елдермен иық теңестіруге талпыныс жасауды мақсат етудеміз.

Екіншіден, кешегі социализм жақсы еді, қазір құрып барамыз, бәрі қымбатшылық, жоқшылық, тапшылық деп зар еңіреушілер де жетіп-артылады. Онда кешегі ашаршылықтан, ұжымдастырудан қырылған қазағымызды қалай ұмытамыз? Күні кеше ғана өткен бес арысымыздың тойын неге тойладық? Ондай болса, бәрін ұмытуға тура келер. Тың игереміз деген желеумен жеріміздің бәрін тоздырып, оңды-солды жыртып тастағанын, Аралдың тартылғанын, еліміздің атом бомбасының полигонына айналғанын, соның салдарынан жарты миллион халықтың ауруға шалдығып отырғанын ұмытып, кері жүріп, социализмге баруға бола ма?!

Бір кездегі үлкен держава, алып мемлекет күйреді. Соның бір бөлшегі болып біз дербес мемлекетке айналдық. Міне, сол сәттен бастап шашылып, бөлшектеніп, көрінгенге жем болып кетпей, төрт-бес жылдың ішінде Қазақстанды өз алдына мемлекет ретінде таныта бастадық. Біз бастап, халық қостап, азаттықтың айдынына шыққан алып кемеге айнала бастадық. Түрлі ұлттың өкілі бар Қазақстанның ішіндегі жағдай аса күрделі еді. Абайламасақ, қанды қырғын, нағыз аласапыран болатын жер осында-тын. Дәл Қазақстанның ішіндегі ахуалдай жағдай бұрынғы Кеңес Одағынан бөлініп шыққан бірде-бір мемлекетте жоқ.

Ендеше, Қазақстанның жүретін жолы біреу-ақ. Ол – өркениетті мемлекеттердің жолына түсіп, экономикалық реформа жасап, саяси жағынан, әлеуметтік жағынан елді қорғап, дүние жүзінің алдыңғы деңгейіндегі мемлекеттердің қатарына ену. Бұл үшін экономикалық шекарамыз ашық болуы керек. Саясатымыз айқын болуы тиіс.

Тағы бір айтатын мәселе – интеграция. Төңірегіміздегі Ресеймен, Қытаймен, Кіндік Азия мемлекеттерімен, әрірек көз салсақ, араб мемлекеттері бар, тіпті

дүниежүзілік мемлекеттердің бәрімен де экономикалық жақсы қарым-қатынас орнатпай, солармен сауда-саттық жасамай, барымызды соларға сатып, жоғымызды солардан алмай, дамыған мемлекет бола алмаймыз. ХХІ ғасырда Америка секілді, Канада сияқты, Ресей сияқты алып мемлекеттердің өзі де жеке басы томаға-тұйық жан-жағын тас бітеп, шекарасын жауып отырып өркендей алмайды, дамымайды. Сондықтан бар ойлайтынымыз – халықтың қамы. Еуразиялық Одақ, басқа да ынтымақтастық шаралары, ең алдымен, өз мемлекетіміздің мүддесі үшін ойластырылған шаралар. Елді, жерді сақтап қалу ниетінен туған тірліктер.

Өз ішіміздегі тыныштық та ауадай қажет. Онсыз елімізде ешқандай өсу, өркендеу болмайды. Тағы бір негізгі мәселе – қазақ халқының өзінің ауызбірлігі. Ол болмаса, біз әркімнің қанжығасында кетеміз. Егер қазіргі егемендігімізден айырылсақ, бұдан кейін мың жылда да Қазақстан тәуелсіз бола алмайды. Міне, осының барлығы қазақтың өз қолында тұр. Бұл ауызбіршілігімізге тікелей байланысты. Өз ішіміз ырың-жырың болып, рушылдыққа салынып, арамызға жік түссе, ел бүлінеді, тыныштығымыз шайқалады, өзгеге жем боламыз. Сондықтан, ағайын, елдің арасындағы бірлікті ойлайық. Осы бағытта жанын сала жұмыс істейтін, ең алдымен, “Егемен Қазақстан” болуы керек. Осы мәселені назарда ұстаңыздар. Міне, Мемлекет басшысы 1994 жылғы сол кездесуде осылай деді. Содан соң редакция аппаратындағы журналистермен ескерткішке суретке түсті. Одан бері де 15 жыл өтіп кетіпті. Ал Елбасының сондағы айтқан жоғарыдағы сөздерінің кейбірі қазіргі таңда да өзінің көкейкестілігін жойған жоқ.

Талдықорған.

Құттықтаулар

Құрметті Сауытбек Абдрахманұлы!

Қазақ баспасөзінің қарашаңырағы – “Егемен Қазақстан” газетінің ұжымын 90 жылдық мерейтойымен

шын жүректен құттықтаймын. Осы қуанышты сәтті пайдалана отырып, барша Отан қорғаушылар атынан ұлтымыздың бас басылымына шығармашылық табыстар тілеймін.

Іргетасын алыптар тобы қалаған ата газет тәуелсіздік жылдары да қазіргі қоғамның айнасына айналды.

Елбасымыз – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған сындарлы да салиқалы саясатын, еліміздегі халықтар достығы мен ұлтаралық татулықты насихаттаудағы еңбектеріңіз ерен.

Қазақстан Қарулы Күштері – Тәуелсіздіктің сенімді тірегі. Газет төл әскеріміз құрылған күннен бері оның абырой-беделін арттырып, қоғамдағы оң бейнесін қалыптастыруға қомақты үлес қосып келеді.

Әскерилердің сүйікті газеті алдағы уақытта да төл армиямыздың абыройын арттыру, еліміздің әскери қауіпсіздігін нығайту жолындағы тақырыптарды жалғастыра беретініне сенімдімін.

Осынау айтулы күні Сіз басқарып отырған ұжымға шығармашылық табыс, қажымас қайрат, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке, ашық аспан тілеймін.

Мерейтойларыңыз мерейлі биіктерге бастай берсін!

Құрметпен, Әділбек Жақсыбеков, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі.

Құрметті егемен-қазақстандықтар!

Токсан жыл бойы “Егемен Қазақстанмен” қолтықтас келе жатқан құрдасы – “Казправда” газеті

редакциясының құттықтауын қабыл алыңыздар.

“Егемен” – топырағымыздың тарихы, тәуелсіздіктің тірегі, қоғамның айнасы, ақиқаттың алдаспаны, адамгершіліктің ұстанымы, экономиканың сарапшысы, саясаттың сұңғыласы, дипломатияның елшісі, әскеріміздің айбары, әлеуметтің жанашыры, ғылымның зердесі, әдебиеттің арқауы, өнердің өресі, мәдениеттің мұрагері, исламның уағызы, диссертацияның тақырыбы, журналистиканың желкені!

Осы өлшемдер алдағы уақытта да айнымас ұстаным, желбіреген жалауларыңыз болып қалады деген ойдамыз.

Қазақ баспасөзі тарихының тұтас дәуірін бойына жиып отырған әріптестерімізге – “Егеменнің” ұйымына тілейтініміз: жастарыңызға жас қосылсын, қоржындарыңыз тартымды тақырыптарға толсын, серіктеріңіз сәттілік болсын!

Тілек білдіруші “Казахстанская правда” газетінің ұжымы.

* Естеліктер ешқашан ескірмейді
Жолбасы

Асқар Тоқмағамбетов.

– 1925 жыл. Қызылорданың күзі қандай көңілсіз, ашылып та кетпей, нәсерлеп те жаумай, әлсін-әлсін себелеп өтіп, кейде құйып кетіп, ауа райының құбылғанына көп күн өткен шақ еді.

Қазақстан орталығы Орынбор қаласынан көшіп келгелі қалаға бірінші рет келуіміз болғандықтан бәріне қызығып, бәрін де көргіміз келеді. Әсіресе, мені қызықтыратыны газет, ондағы басылған өлеңдер мен фельетондар. Сонымен қатар сол газетке тілші болу да, өлең жазу да ойда бар. Бірақ, өз бетімше барып, кіммен сөйлесуді, қалай тілдесуді білмеуші едім. Осы қызығушылық, осы арманның жетектеуі мені редакцияның айналасынан шығармаушы еді. Қайта айналып бара беруші едім, барғаным болмаса, кеңсеге еркін кіре алмаушы едім ынжықтық, жасқаншақтық бар... Бір күні өз ауылымыздың бір жігіті бұл тілегімді байқады да, әрі менің өлең жазуға икемімнің барын білетіндіктен қолымнан ұстап: “Сені “Еңбекші қазақ” газетімен таныстырайын”, деп жетектей жөнелді. Менің қалтамда 1916 жылдың оқиғасына байланысты ұзақ өлең болатын. Бірақ оны көрсетуге батылым жетпейтін, ол газетке басылады деп те ойламайтын едім. Мені бастап барған жігіт өзімді сыртта қалдырып, өлеңімді алып кетті де, көп ұзамай қайта шықты.

– Сені редактордың орынбасары шақырып жатыр! – деп зорлағандай болып ішке кіргізді. Толарсақтан келетін сазды балшықтан аяғымды әрең көтеріп, мен ішке кіргенде жылы шырайлы, толық келген, қорасан дағы бар райлы кісі орнынан тұрып қарсы алды. – Ақын бала сенбісің? – деп күлімсіреп тұр. Ол кісінің “ақын бала” дегеніне қатты қысылған мен: “Иә, мен едім,” дегенді айта алмадым, күмілжи бердім. – Ұялма, отыр, өлеңіңді оқып шықтым, ақын болғалы тұрған бала екенсің. Бізге тілші бол, жазып тұр, мүмкін бұл өлеңді пайдаланармыз, — деп мені үміттендіріп тастады.

Көп ұзамай сол жылы Ташкент қаласына оқуға кеттім. Осы қарсаңда көсеміміз ұлы Лениннің қайтыс болғанына бір жыл толған күн келіп қалды. Сол күнге арнап “Ленин суретіне” деген өлең жазып, “Еңбекші қазақ” газетіне жібердім. Менің ол өлеңді қалай бастағаным, қалай жазғаным әлі көз алдымда тұр.

...Қыстың қатты болған аязды бір күні еді, жатақханамызда неше күнге дейін от жағылмай қалды. Сабаққа да бара алмадым. Пальто мен одеялды қос қабаттап оранып, үй қабырғасында қарсы алдымда тұрған Лениннің портретіне қадала қарап, көпке дейін ойланып жатқанымды ұмытқаным жоқ. Сонда:

Суретің міне тұр,
Жаны бар тірідей.

Ұраның, үнің тұр.

Топ жазбай ірімей... — деп басталған шумақ менің көптен бергі арманымның кілті болған сияқты көрінді. Өз ойымдағы шын құштарлықпен жазылған осы бір қысқа өлеңімді қомсына отырып, алайда үлкен талапқа мегзей, газетке жібергенімді білемін.

Міне, Ленинге арналған жиырма жолдық осы өлең сол жылғы январьдың 21-і күні “Еңбекші қазақ” (қазіргі “Социалистік Қазақстан”) газетінің бірінші бетіне, Ленин суретінің астына басылып шықты. Сол күннен бастап газет менің үлкен мектебіме айналды. Ондағы басылған өлеңдер мен фельетондарды, саяси мақалаларды үзбей оқитын болып алдым. Көп ұзамай

осы газетте баяғы “Құлшық” атты ұзақ өлеңім де басылып шықты. Сөйтіп, қорасан дағы бар райлы кісі айтқан “ақын бала” дегенді газет шындыққа айналдырды. Өзіне тарта бастады, тәрбие берді, бағыт сілтеді. Ауыл айналасынан аса алмай жүрген ойдың қанатын кеңге сілтеуге, үй арасындағы атпен, сиырмен айтысудан (ол кезде мұндай айтыстар көп болатын еді) мәндірек, саяси шаруашылық мәселелерге үн қосатын дәрежеге көтерді. Ленин есімін бірінші рет өз қабілетіммен айтқанымды көпшіліктің алдына жеткізді, талап пен ынтамды арттырды, оқуға бастады. “Социалистік Қазақстан” газетінің (ол кездегі “Еңбекші қазақ”) ат айдаушысы болып жүрген Қалмақан Әбдіқадыровтың ат айдаудан қолы бос кезінде айтып отыратын мына бір өлеңі әлі есімнен кетпейді.

Ол:

Ат айдаушы көшірмін,

Өлең жазып отырмын.

Бүгін жазып берейін,

Ертең сенен оқырмын! – деп сынық қаламымен жарты парак қағазды түрткілей беретін еді. Сол Қалмақан қазір Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі қаламгердің бірі екені бәрімізге аян.

Сол сияқты ол жылдары Әбділда Тәжібаев та “Социалистік Қазақстан” газетінің төңірегінен шықпай, газет сатып жүретін арық қана қара бала болатын. Ол өлеңдетіп:

Бүгінгі газет тамаша,

Оқысаң, ойдан кетпейді.

Таусылып қалды, жетпейді! – деп дауыстайтыны әлі көз алдымда тұр.

Осы кезде Сәбит Мұқанов та “Социалистік Қазақстан” газетінде істеді. Кейінірек Ғабит Мүсірепов те редактор болып, газет жұмысымен айналысты. Онан беріректе Ғали Орманов және басқа белгілі жазушылар да осында болды, ақындық қаламдарын газет арқылы ұштады. 1927 жылдың орта шенінен бастап, мен де осы редакцияда корректорлықпен айналысып,

кейінірек газеттің белсенді тілшісінің бірі болып алдым. Өлең, сықақ, фельетон жазуды да тұңғыш рет осы газеттен үйреніп, оларды осы газет арқылы жариялап отырдым. Сондықтан да газеттің ұйымдастырушы, әрі тамаша мектеп екеніне де толық көзім жетті.